



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

ҚазҰУ түлектері – Қазақстан элитасы

17 қыркүйек күні ҚазҰУ қалашығында қара шаңырақтың 75-жылдық мерейтойына арналған ҚазҰУ түлектерінің кездесуі өтті. Ең үздік университеттің 75 жылдық мерейтойлық мерекесі ағымдағы жылдың қаңтар айында бастау алған еді. Өткен жыл қорытындысы бойынша РейтОР агенттігінің әлемдік рейтингіне енген ҚазҰУ өз тарихында 125 мыңнан астам маман даярлап шығарған. Аталған кездесуде әр түрлі жас аралығында қара шаңырақты бітірген 125 түлек бас қосты. Олардың ішінде ҚР парламент депутаттары, елшілер, ғалымдар, ақын жазушылар және БАҚ басшылары бар.



ҚазҰУ алаңында ойнаған әсем әуен, төгілген күй түлектерді студенттік өмірді еске түсіріп, жастық шаққа саяхатқа шақырғандай. Көкіректі қуаныш кернеген, бойды мақтаныш билеген, сағыныштан көңіл толқыған сәт. Себебі университет – жастық шақтың куәсі ғана емес, баянды болашаққа, өнегелі өмірге жолдама берер білім мен ғылымның қазынасы. Балапандарына айқара құшақ жайған қарт ҚазҰУ да ерекше гүлдене түскендей. Алтын ұяға аяқ басқан түлектер дауысы жарқын, күлкілері жастық шаттыққа толы.

Қуанышпен қауышқан түлектер кездесуі ҚазҰУ-дың бренді болып

саналатын бас ғимарат – ректораттағы ғылыми кеңес залында басталды. Салтанатты мерейтойлық кездесуді ҚазҰУ-дың ректоры Бақытжан Жұмағұлов құттықтау сөзбен ашты. “ҚазҰУ барлық түлектерін мақтан тұтады. Алайда кездесуге түлектердің ішінен мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік шыққандарын ғана шақырып отырымыз. Біздің университет түлектерінің жазушы, ғалым, қоғам және саяси қайраткерлер, рухани орталықтардың басшылары болып, еліміздің мақтанышына айналуы ҚазҰУ-дың даңқын асырып, имиджін көтереді”,

– дей келе, ректор Қазақ ұлттық университетінің кешегісі мен бүгінгіне, болашақ жоспарына тоқталды. “Ең алдымен, ҚазҰУ – еліміздің ең ірі университеті. Біздің түлектерімізді еліміздің түкпір-түкпірінен және бірқатар шетелдерден кездестіруге болады.

Бүгінде университетте 20 мыңнан астам студент, магистрант және PhD докторлары 180 мамандық бойынша 14 факультеттің 102 кафедрасында білім алуда. Мыңға жуық шетелдік студенттер де оқып жатыр.

(Жалғасы 2-3 беттерде)

1 сентября - День знаний в Казахском национальном университете имени аль-Фараби открылся на 14 факультетах и в колледже вуза активными лекциями лучших выпускников. Эта традиция, столь привычная для профессоров и студентов зарубежных вузов, но совсем неизвестная в Казахстане, была заложена впервые в КазНУ в прошлом году, когда учебный год начался с активной лекции ректора Бакытжана Жумагулова.

Новый учебный год в КазНУ начался с актовых лекций выпускников

В этом году этому примеру последовали известные выпускники университета. Учебный год в ведущем университете страны своими лекциями открыли президент международного общества “Қазақ тілі”, академик НАН РК Омирзак Айтбай; директор Института литературы и искусства им. М. Ауезова, академик НАН РК Сеит Каскабасов; директор Института органического катализа им. Д.В.Сокольского Косман Досумов; первый зам. прокурора г. Алматы Галымжан Тоғызбаев; дипломат Кайрат Исағалиев; академик НАН РК Назарбай Блиев; директор медицинской клиники “Экомед” Салтанат Байкошқарова; главный научный сотрудник Института истории и этнологии МОН РК, академик НАН РК Малик Асылбеков; директор Института географии Ахметкали Мелеу и др.

(Продолжение на 10 стр.)



санда:

БҮГІНГІ

Студенты
ректорского
гранта



4-бет

Өркен
Газет ішіндегі
студенттер
газеті

5-8-беттер

ҚазҰУ қалашығында ғашықтар субұрқағы ашылды



10-бет

■ **Қабілеттілік**

(Басы 1 бетте)

Біздегі профессорлық-оқытушылар құрамының тегеуріні мықты. 2000 оқытушыдан тұратын алтын қорымыз бар, олардың ішінде 1000-нан аса ғылым докторы мен кандидаттары, PhD докторлары, 100-ден аса академик пен беделді ғылыми сыйлықтар лауреаттары бар". Одан әрі ҚазҰУ-дың бүгінде талантты жастардың арасында үлкен сұранысқа ие екендігін, биылғы жылы 2600 грант иегері университет табалдырығын атағанын, оның ішінде 700 алтын белгі, халықаралық және республикалық олимпиада жеңімпаздары бар екенін, сондай-ақ жаңа оқу корпусы мен лаборатория құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқандығын баяндап өтті.

Иә, 75 жылдық тарихында көп жетістікке қол жеткізген киелі қара шаңырақ бүгінде төрт құбыласы тең, абыройы асқақтаған оқу орны десек асып айтқандық болмас. Осы орайда ҚазҰУ-дың үздік бітірушілері туралы "Біздің элита. Наша элита" кітабының тұсауы кесілді. Үздік бітірушілер туралы басылым университет түлектерінің мемлекеттік басқаруға, білім мен ғылымның, мәдениеттің дамуына, инновациялық экономика мен заманауи бизнестің қалыптасуына қосқан интеллектуалдық үлесін бейнелейді. Бұл туындыда ҚазҰУ-дың осы уақыт аралығында білім алған түлектерінің ең жоғарғы жетістіктерге қол жеткізген 225-інің өмірбаяны берілген. Олардың ішінде мемлекет және қоғам қайраткерлері, өз саласының кәсіби шеберлері мен ғұлама ғалымдар; Лениндік, Мемлекеттік КСРО жүлдесі мен ҚР билігі бекіткен аталмыш жүделердің лауреаттары; ҚР-дың экономикалық ахуалына үлес қосқан азаматтар атақты бизнесмендер мен меценаттар бар. Кітап бірнеше топтан тұратындықтан, болашақта әлі жалғасын ташпақ.



да рахметін айтты. Сондай-ақ кездесуде сөз алған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Заң шығару және сот-құқықтық реформалар жөніндегі комитеттің мүшесі, заң факультетінің түлегі Николай Николаевич Турецкий, заң ғылымдарының докторлары, академиктер Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, "Қазақ газеттері" ЖШС директоры, журналистика факультетінің түлегі Кенжалин Жұмабек Омарұлы ҚазҰУ-дың өз өмірлеріне оң әсер етіп, зор орын алатынын атап айтты.

Осыдан соң жиналған қауым Түлектер қауымдастығының төралқасы мен президентін сайлады. Түлектер қауымдастығының президенті болып ҚР Бас прокуроры Қайрат Мәми бірауыздан сайланды. Қауымдастық мүшелері алдағы уақытта тұрақты журнал шығарып, түлектер арасында іскер байланыс орнатпақ. Осы ретте ректор қара

ҚАЗҰУ ТҮЛЕКТЕРІ -



шаңырақ түлектерімен екі жаққа тиімді тығыз әріптестік қарым-қатынас орнатуға мүдделі екендігін жеткізді.

ҚазҰУ әрқашан өз түлектерінің жетістігіне қуанып, биікке көтереді. Сондықтан, университетке еңбегі сіңген түлектеріне "ҚазҰУ-дың дамуына айрықша үлес қосқаны үшін" деген сөздер ойылып жазылған университеттің күміс медалі шығарылған болатын. Кездесуде Қазақстан Республикасының Юнеско жанындағы тұрақты өкілі Олжас Сүлейменов, Президент мәдени орталығының директоры Мырзатай Жолдасбеков, заң ғылымдарының докторы, академик Салық Зиманұлына ҚазҰУ-дың күміс медалі табыс етіліп, есімдері қара шаңырақ тарихына мәңгілік жазылды.

Салтанатты табыстаудан кейін избасарларына зор үмітпен қараған түлектер студенттерге үндеу жолдады. Үндеуді оқыған "Жұлдыз" журналының бас редакторы, журналистика факультетінің түлегі Есдәулет Ұлықбек: "Сіздердің алдарыңызда ХХІ ғасыр көшбасшысы болу, Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту міндеті тұр. Өздеріңіз байтақ қазақ даласының рухани дүниесінің,



өрендеріміз тек бәсекелестікпен жеңіске жетеді. Мен оқыған журналистикаға тек мықтылар баратын. Қазір де солай деп ойлаймын", – деді өз сөзінде. Әрине еліміздің беделді азаматтарының пікірі мен ақылы студент жастарға өмірдің әр түрлі белестерінде сүйеу болып, алға жетелемек. Мінбеге көтерілген келесі түлек Сауд Арабиясы Королдігіндегі Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшісі Лама Шариф Қайрат Қайырбекұлы: "Астана қаласын оңтүстік және солтүстік жағалауға бөлсек, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды да солай бөлуге болады. Он жақта өзіміз оқыған ғимараттар, сол жақта жаңа ғимараттар жарқырап көздің жауын алып тұр", – деп, бүгінгі ҚазҰУ келбетінен ерекше әсер алғандығын айтты. Ал Халық жазушысы Тұманбай Молдағалиев ҚазҰУ-ға жүрекжарды өлеңін арнаса, "АстанаГрупп" компаниясының президенті Нұрлан Смағұлов білім нәрімен сусындатқан университет пен ұстаздарға алғыс білдірді. Өз алғысын сөзбен ғана емес, жомарттығын танытып, интернет-кафеге 100 компьютер сыйлаған азаматқа университеттің ұстаздары мен студенттері атынан өз кезегінде ректор

Өз қара шаңырағының жетістіктері мен жаңалықтарын ұйып тыңдаған түлектер сөз кезегі келгенде жылы лебіздерін білдірді. Алғаш сөз алған Қазақстан Республикасының Юнеско жанындағы тұрақты өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов: "50 жыл бұрын геологиялық барлау факультетін бітірдім. Өмірімнің ең бақытты, қызықты шағы осында өтті. Қасиетті қара шаңырақ біліммен қаруландырды", – дей келе, студент жастарға былай деп өсиет айтты: "Надан халық құл болады. Білімді халық ұлт болады деген. Осыны ұмытпай жүрсек, біздің қазағымыз өзге ұлттардың ішінде ұлы болады. Ал бүгінгі университет білімнің,

өркениеттің, патриоттық сезімнің қайнар көзі болуы керек. ҚазҰУ еліміздің зиялыларын тәрбиелейді. Сондықтан әрбір қазақ өз елінің елшісі, әсіресе шетте жүргендер. Себебі, өзгелер сен арқылы бүкіл ұлтты бағамдайды. Егер бір жерде жасықтық танытсақ, яғни бүкіл қазақ жасық деген сөз. Егер сен ақылды болсаң, демек барлық қазақ көреген. Өйткені, олар басқа қазақты көрмеуі мүмкін. Ендеше, біз әрқашан қазақ деген ұлттың өкіліне лайық деңгейде болуымыз қажет". Осы ойды сабақтаған ҚР Парламенті Сенатының Депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитеттің басшысы Қуаныш Сұлтанов: "Осында оқып жүрген



■ Қабілеттілік



Парламенті Сенатының депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитеттің басшысы Қуаныш Сұлтанов тапсырды. Ал ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы Игорь Рогов "Сынақ кітапшасын" тапсырып тұрып, іші үздік бағаға толсын деп тіледі.

Өз кезегінде журналистика факультетінің 3 курс студенті Арайлым Өмірбекова студенттердің университет түлектеріне үндеуін оқыды. "Зияткерлік пен көшбасшылықтың баспалдағы қара шанырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті атану – арманның ең асқағы болары сөзсіз. Сапалы білім алу болашағына жарық шам жағумен тең. Ендеше, ҚазҰУ-да білім алған студенттің де арманы асқақ, қиялы – ақиқат.

ҚазҰУ-да оқудың өзі адамға қанат бітіреді. ҚазҰУ студенттері білімнің қайнар бұлағынан сусындап, ертеңгі

сарайына аяқ басты. Әуелі мерейтойлық көрмені тамашалаған қонақтар екі мыңға жуық студент жиналып, тағатсыздана күтіп отырған залға еніп, "Фараби сазы" ұлт-аспаптар оркестрі төгілте шерткен Құрманғазының "Сарыарқа" күйінің құдіретін сезінді. Мың бұрала би билеген студенттік "Бақыт" би ансамблінің орындауындағы "Айжан қыз", "Домбыра", "Аққу", "Пульс" билері көрерменнің көз қуанышына айналды. Қазақтың Розасы "Қазақ елі" өнін ерекше рухпен шырқағанда көпшіліктің еңсесі көтеріліп, жігерлене түскендей әсер қалдырды. Сондай-ақ кеште еліміздің өнер жұлдыздары, ҚазҰУ-дың түлектері Айжан Нұрмағанбетова, Бағдат Сәмединова, "Жетіген" тобы және ҚазҰУ-дың студенттері Мадина Сәдуақасова, Динара Қырықбаева т.б. өнер көрсетті. Көңілді кеш қонақтардың естелік түрінде Түлектер аллеясына ағаш отыр-

ҚАЗАҚСТАН ЭЛИТАСЫ



мұрагері болып қалған Қазақстанмен бірге еңбек етіңіздер. Жана дәуір мен туған елге қызмет ету үшін терең білім алып, ғылымның сан саласын игеруге ұмтылыңыздар. Біз өзіміздің алтын ұямыздың түлегі ретінде сіздерге батамызды береміз. Сіздердің білім мен ғылымның барлық саласы бойынша сауатты маман болып шығуларыңызды қалаймыз", – дей келе, өзі тұрғыны болған ыстық ұясына мынадай жыр жолдарын арнады:

ҚазМУ-дың қалашығы –
көзімнің қарашығы
Жалғаған өзегімді қара нан,
қара суы
ҚазМУ-дың қалашығы –
білімнің нар асуы,
Өзіңнен қанат қаққан қазақтың
бар асылы
ҚазМУ-дың қалашығы – ғылымның
гара шыңы,
Ақылмен таласатын,
жүрекпен жарасатын
ҚазМУ-дың қалашығы –
көзімнің қарашығы!

Жетістікке жеткен алдыңғы көш иелері әрқашан кейінгі жастарға үлгі. Сол себепті елге танымал ағалар қолынан алған аманат оларды жауапкершілікке үйретері хақ. Кеш


барысында танымал тұлға, академик Сұлтан Сартаев: "Білім кілтін, жатақхана кілтін сіздерге ұсынамын" деген тілекпен бірінші курс студенттеріне "Алтын кілт" табыс етті. "Өсіп жүрсін, өмір бойы оқып жүрсін" деген ниетпен студенттік өмірдің символы – "Студенттік билетті" ҚР

күні сіздердей іргелі оқу орнынан түлеп ұшқан талантты, танымды, ел ағалары болары сөзсіз.

Біз, әр кезеңдегі түлектердің өздерін ынтымағы мен бірлігі жарасқан "Түлектер қауымдастығының" ажырамас бір бөлшегіндей сезінуін тілейміз", – деген сөздері түлектердің жүрегіне жол тауып жатты.

Сонымен бірге кеш барысында университетке көмек көрсеткен түлектерге ректор "Айрықша диплом" табыс етті. Олар: "АстанаГруп" компаниясының президенті Нұрлан Смағұлов, Ұлттық инженерлік академияның вице-президенті, механика-математика факультетінің түлегі Амандық Төлешов, АТУ-дың ректоры Құралбек Құлажанов, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры Арын Ерлан.

Ресми жиыннан кейін төменгі қабаттағы оқу орнының мұражайымен танысқан қонақтар Шығыс елінің ғұлама ғалымы Әбу-Насыр әл-Фараби ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Одан әрі әр факультет студенттерінің салтанатты ұранымен, қошеметтеуімен қонақтар Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер



ғызуына ұласты. Содан соң, түлектер студенттік өмірлерін еске түсіру үшін студенттік асханадан дәм татты.

Кәсіби біліктілікке қол жеткізіп, биік шыңдарды бағындырған жүйріктердің өмір тәжірибесі – болашақ мамандарды, еліміздің патриоттарын тәрбиелеуде зор көмек. Бүгінгі таңда көптеген түлектердің оқу ордасына келіп, шеберлік-сыншптар, ашық лекция, кездесулер өткізіп, кәсіби шеберлік сырларымен бөлісіп жүргені белгілі. Кездесу барысында да студенттер үшін өз факультеттерінен шыққан үлгі тұтарлық азаматтармен осындай бір әдемі жүздесудің сәті түсті. Қонақтар туған факультеттерін, аудиториялар мен кітапханаларын аралады. Студенттермен, дәріс берген оқытушы-профессорлармен кездесіп, ашық-жарқын әңгіме дүкен құрып, пікір алысты, қимай тарқасты. Себебі, ҚазҰУ-мен жүздесу – білім ордасымен қауышу ғана емес, жалынды жас дәуренімен, студенттік өмірдің қызығын бірге көріп, қиыншылығын бөліскен құрбы-құрдастарымен, тәлім берген ұстаз қауымымен қайта жүздесу еді.





Новости

КазНУ им. аль-Фараби является флагманом образования нашего государства. В стенах КазНУ имеется самая солидная среди всех вузов республики научная база. Десятки научных школ, многие из которых приобрели международный авторитет, сотни академиков, лауреатов престижных научных премий, есть свои НИИ и научные центры. Благодаря таким показателям КазНУ имеет свой авторитет на мировой образовательной арене, чему доказательством является 150-е место по образовательным критериям в рейтинге агентства "РейтОР".

КАЗНУ ВХОДИТ В МИРОВЫЕ РЕЙТИНГИ

Следует отметить, что при составлении данного рейтинга, равно как и многих других, основной упор делается на такие параметры, как исследовательская деятельность вуза, трудоустройство выпускников, международная представленность преподавательского и студенческого состава, а также качество преподавания. В общем потоке региональных и международных рейтингов российское независимое рейтинговое агентство "РейтОР" выпустило по итогам в 2008 года свою версию – так называемый Новый глобальный рейтинг мировых университетов. Разумеется, рейтинги бывают разные и по-разному относятся к таким важным составляющим любого исследования, как объективность и беспристрастность. Так или иначе, но "РейтОР" определил на 5-е место своего ранжира Московский государственный университет им. М.В. Ломоносова, при этом значительно оставив позади таких признанных грандов, как Гарвард, Кембридж и Стенфорд. Столь разительное отличие от западных рейтингов российские исследователи оправдывают тем, что в существующих глобальных рейтингах сравнительная оценка университетов базируется в основном на оценке их достижений и возможностей в сфере исследований и разработок, а вот оценке качества образования практически не уделяется внимания. Всего же в итоговую таблицу попали 56 российских вузов и два казахстанских: КазНУ им. аль-Фараби (372-е место) и Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева (389-е). Поэтому предложенный Главой государства перенос центра тяжести исследований в университеты позволит нам в течение ближайших лет войти и в другие мировые рейтинги, где ведущим фактором оценки вуза является именно уровень развития науки. Это не только укрепит наш авторитет в научной сфере, но и позволит стране гораздо эффективнее, чем сейчас, развивать экспорт образовательных услуг – сегодня это очень перспективная сфера современного бизнеса. Как видите, решения совещания и поставленные на нем Главой государства фундаментальные задачи окажут мощное влияние как непосредственно на сферу науки, так и на систему высшего образования. Они, несомненно, системно скажутся на посткризисном развитии Казахстана, приблизят достижение стратегических целей и процветание страны.

Шынар УСКЕМБАЕВА

Первое заседание Президиума Ассоциации выпускников КазНУ



Прошло всего несколько дней с того момента, когда на торжественном собрании Юбилейной встречи выпускников КазНУ был избран президиум и президент ассоциации, и сегодня ее новый руководитель уже приступил к своим новым общественным обязанностям.

Свое избрание Кайрат Мами оценил очень высоко, как доверие ему нескольких поколений выпускников университета. Он поздравил также своих коллег по ассоциации с началом новой, серьезной и очень ответственной работы. Как сразу же заметил председательствующий, с таким высококомпетентным составом президиума, в который вошли такие известные личности, как Олжас Сулейменов, Мырзатай Жолдасбеков, Кенжегали Сагадиев, Игорь Рогов, Акмарал Арыстанбекова, Омирзак Айтбаев, Жумабек Кенжалин, Сауытбек Абдрахманов, Александр Тараков и дру-

24 сентября состоялось первое заседание Президиума Ассоциации выпускников КазНУ им. аль-Фараби под председательством ее президента, Генерального прокурора Республики Казахстан Кайрата Мами. Перед началом заседания ректор университета Бакытжан Жумагулов официально вручил Кайрату Мами удостоверение за "номером 1" президента Ассоциации выпускников крупнейшего вуза страны.

гие, ассоциация может начинать свою полномасштабную работу без промедления и раскачки.

Первое собрание было посвящено рассмотрению целей и задач ассоциации в свете выполнения поручений Главы государства Н.А. Назарбаева по вхождению КазНУ в мировую конкурентоспособную среду и ведущие рейтинги мира. Были обсуждены дальнейшие перспективы развития ассоциации.

Президент Ассоциации выпускников КазНУ поставил перед своими коллегами конкретные задачи. Главной, по мнению руководителя ассоциации, должно стать трудоустройство выпускников. Как считает Кайрат Мами, ни один выпускник университета не должен остаться без попечительства ассоциации. Он лично готов продолжить работу по трудоустройству 100 выпускников-юристов, которую он начал еще будучи председателем Верховного суда, но теперь необходимо это организовать на всех факультетах университета.

Ассоциация должна поддерживать идеи меценатства и спонсорской помощи со стороны своих выпускников, их стремление быть причастными к успехам и достижениям родной альма-матер. И это в свою очередь позволит ассоциации оказывать помощь университету в реализации образовательных проектов. Особое внимание объединение выпускников будет уделять имиджевой деятельности, продвижению университета в мировое научное сообщество.

Президент Ассоциации вузов Казах-

стана Рахман Алшанов, подчеркивая, что есть задача Президента страны – выйти на международный уровень, предложил расширить идею создания филиалов Ассоциации КазНУ за рамки страны, поскольку сегодня немало выпускников КазНУ работают в ведущих университетах и компаниях ближнего и дальнего зарубежья. Также для решения этих задач, как считает академик Омирзак Айтбаев, необходимо широко пропагандировать лучших выпускников университета, как признание высокого качества казахстанского образования. Подолжая эту тему, ректор Алматинского технологического университета Куралбек Кулажанов внес предложение об учреждении именных стипендий выдающихся ученых и деятелей – выпускников Казахского национального университета.

Далее в ходе работы члены президиума утвердили состав исполнительного органа – директората ассоциации. Главным итогом первого заседания стало учреждение 10 именных стипендий Ассоциации выпускников КазНУ им. аль-Фараби.

Свой первый рабочий день президент Ассоциации выпускников завершил посещением родного юридического факультета, где он встретился со студентами и преподавателями, принял участие в "круглом столе", посвященном Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года и роли прокуратуры в правовой системе Казахстана.

Пресс-служба КазНУ

Студенты ректорского гранта

23 абитуриента – победители международных олимпиад обладатели знака "Алтын белгі" – будут бесплатно учиться в Казахском национальном университете им. Аль-Фараби. Средства на их обучение выделил университет.

Руководство ведущего национального университета приняло решение поддержать и дать шанс на хорошее образование тем претендентам, которым не хватило совсем "чуть-чуть", чтобы стать обладателями государственных образовательных грантов. Глава государства Н.А. Назарбаев всегда говорит о том, что

мы должны поддерживать целеустремленную и талантливую молодежь. Символично, что сегодня – в канун Дня Конституции – решением Ученого совета КазНУ вы зачислены в ряды казахстанских студентов. Это в очередной раз подтверждает, что в Казахстане конституционные права его граждан неуклонно соблюдаются", – сказал ректор Бакытжан Жумагулов.

Известно, что Казахский национальный университет возглавил список лидеров приемной кампании этого года, приняв на обучение 2586 обладателей государственных грантов. Большая часть их них – обладатели "Алтын белгі", аттестатов особого образца и др. По предварительным данным приемной комис-

сии в этом году в число студентов КазНУ уже зачислено около 650 абитуриентов что называется высочайшей пробы. Сегодня к ним присоединились еще 23 обладателя грантов КазНУ. Такая высокая степень "качества" нынешнего контингента студентов вполне достойна статуса Казахского национального университета, занимающего первую строку в рейтинге вузов Казахстана.

Можно представить, какую радость за своих детей испытывали присутствовавшие в зале родители. "Мы очень признательны руководству университета, что они поверили в наших детей и открыли для них двери в будущее. Мы тоже верим, что наши дети не подведут нас, университет, свою замечательную стра-

ну", – говорят родители Есимхановой Карлыгаш, призера международной математической олимпиады на Кипре.

"Я счастлива, что моя хорошая учеба в школе не пропала даром. Я бесконечно благодарна КазНУ за то, что мне дали шанс получить бесплатное образование, и я постараюсь доказать, что достойна учиться в лучшем университете страны", – уверена Милана Мустафаева, приехавшая из Восточного Казахстана.

Среди обладателей грантов КазНУ лучшие выпускники школ из Астаны, Актобе, Актау, Атырау, Павлодара, Талды-Коргана, Усть-Каменогорска, Шымкента и Алматы.

Соб. корр.



НОВОЕ ОТКРЫТИЕ ХАБИБУЛЛЫ ОСПАНОВА

На днях диплом и Золотая медаль Международной Ассоциации авторов научных открытий были вручены профессору КазНУ им. аль-Фараби Хабибулле Кусановичу Оспанову. Казахский ученый стал обладателем диплома № 373 на открытие "Закономерность изменений эффективности действия растворяющих реагентов и последовательности прохождения конкурирующих реакций, протикающих на границе раздела твердое тело-жидкость".

Теоретическое и практическое значение созданной Х.К. Оспановым теории управления физико-химическими процессами, протекающими на границе раздела твердое тело – жидкость, оценено ведущими учеными в области термодинамики и кинетики. Положительная оценка дана многими ведущими учеными

мира: лауреатом Нобелевской премии И. Пригожиным (Бельгия, директор Международного Института по физической химии), проф. Fathi Habashi (Канада); проф. G.J. Leigh (Англия); заслуженным проф. Gelbert Mains (США), иностранным членом АН СССР О. Фиговским (Израиль), академиками АН СССР М. Жаво-

ронковым, В. Спичным, Н.П. Лаверовым (бывший председатель Комитета по науке и технике СССР, ныне вице-президент РАН), действительным членом Европейской Академии Ю.Я. Харитоновым (Россия, г. Москва), М.Х. Карапетянцем (МХТИ), член-корр. АН СССР Г.А. Крестовым, проф. А.К. Молодкиным (Университет дружбы народов им. Патриса Лумумбы и др.

Эксперты оценили теоретические разработки Х.К. Оспанова как приоритетное открытие, связывающее воедино различные термодинамические и кинетические параметры, определяющие успешное осуществление качественно-

го и количественного прогнозирования хода технологического процесса растворения в условиях гидроталлургии или выделения минералов в условиях флотации и в геохимии для объяснения причин формирования минералов в земной коре. Как было отмечено, перспективность и оригинальность теоретической концепции Х.К. Оспанова, которая заключается в том, что к настоящему времени в мире не существует общих научных принципов прогнозирования свойств сложных минералов и скорости неизученных конкурирующих химических неравновесных процессов.

Соб. корр.



Өркен

Газет ішіндегі

студенттер газеті

75 ЖЫЛ

■ Редактор бағаны

Шығармашылық шыңын игеріп, ҚазҰУ баспасөзін көпшіліктің көңілінен шығатындай тұрғыда жасақтау редакторлық топтың міндеті болмақ. Басылымнан барша оқырманның күтері көкейтесті көңіл парағын әрлер тыңғылықты дүниелер шоғыры екендігін аңғарамыз. Ал біздің "Өркен" студенттер қосымшасының терезесі теңеліп, ауқымы құнды ой тастар жастарымен толыққан сыңайлы. Байқап көрелік....

Бүгін де тереземіз тең, ауқымымыз кең...

Алатаудай асқар шыңның аясында, қарт ҚазҰУ-дың биік сұлбасы көз тартады. Талай жастың арманына айналып, қадамдарына гүл еккен қалашықтың сыры өсте таусылмас. Сырлы тарихтың қойнауында біршама қырды артқа тастап, 75 жылдың табалдырығын аттап отырған білім ордамыз – барша студенттің жанашыры. Білімнің қайнар бұлағынан дәм татып, университеттің ішкі-сыртқы тыныс-тіршілігі үшін қай кезде болмасын қолда барда көмектесіп, беделін арттыруға тырысатынымыз шындық. Сол орайда, осыдан бір жыл бұрын "Қазақ университеті" газетінің қосымшасы ретінде "Өркен" студенттер газетін ашуды қолға алған едік. Бір жылдың көлемінде ҚазҰУ қалашығында білім алып, өз деңгейінде жүрген жастардың қоғамдық ортадағы қимылы біздің басылымның әр санынан қалт кеткен жоқ. Үш айда бір шығатын қосымшадан студенттер факультеттің қызықты мерекелік күндерін, беделді студенттердің өткір ойларын, жырдан жауһар төгілген жас ақындардың жалынды жырларын танып, ой әлемін кеңейткендігін айта аламыз. 60 жылдың жүгін арқалаған басылымның өткен жылдары өзекті болса, алдағы асулары асқаралы шыңның астарын танытатын секілді. "Өркен" студенттер қосымшасын тың жаңалықтарымен жасамыстап, көркем әңгімемен әрлеген, жүректен шыққан жыр жолдарын жапырақша жаудырған, қаламы қарымды жастарымыздың тобы қалыптасты. Бұл да болса, «Өркенге» өзек болған жастардың немқұрайдылық танытпағандығын аңғартады. Өткенге салауат айта отырып, «Өркенге» өрнекті із салған кешегі өткен ағалардың ізбасары екендігіміз қандай мақтаныш десеңізші?! XXI ғасырдың алғашқы «Өркені» де бір жылдың көлемінде көпшіліктің көңілін аулаған бірден-бір баспасөзге айналды. "Ғалымның аты өлсе де, артында қалған хаты өлмейді" демекші, ендігі жерде ел ағаларының ұрпағына қалдырған асыл мұрасын осы күнге жеткізгеніміз, сол кісілердің алдындағы парызымыз болмақ.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА
"Өркен" газетінің Бас редакторы

«Біз жанбасзақ лапылдап, аспан қалай ашылмақ»



Қазақта "Бір басшыға мың қосшы" деген аталы сөз бар. Бұрыннан қалыптасқан ой елегінде "бастық" деген маңғаз, бәрінен биік тұратын адамдар тобы деп ойлайтынбыз. Ал студенттердің билік басында отырғаны бүгінгі таңда таңсық дүние емес секілді. Оған дәлел бар да... Біздің шаңырақтың аясында студенттік өзін-өзі басқарудың жұлдыздай самсаған өзіндік шоғыры қалыптасқан. 2008-2009 оқу жылында төрт белсенді студенттік өзін-өзі басқару нысаны: Студенттер Сенаты, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, жатақханадағы Студенттер Кеңесі, құқықтық тәртіп сақтау жасағы секілді бір құдықтан су ішер жастар ұйымдарының комитеті құрылды.

"Төртеу түгел болса, төбедегі келеді" демекші, әр ұйымның атқарған шаруасы қалашықтың деңгейін көтеріп, айбыны асқақ ұрпақтар екендіктерін дәлелдейтін, басқалар қызғана да, қызығып қарайтындай университеттің бас көтерер ұландарынан құралған басқару тетігінің бұрандасы, өзін-өзі басқаратын белсенді жастар екендігінде жатса керек.

Жастар ұйымдарының комитеті – студенттер мүддесін университет әкімшілігі алдында, сонымен қатар университетаралық, мемлекеттік және халықаралық деңгейде білдіре отырып, студенттер қоғамдық өмірінің идеологиялық, оқу, ғылыми, әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени, спорттық бағыттары бойынша іс-шаралар өткізіп, білім алып жатқан жастарды жалықтырмайтындай, қоғамдық ортаға бейімдейтін жүйелі жұмыс атқаруда.

Студенттер сенаты - университеттің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жоғарғы органы болып табылады. Сенат мүшелері - факультеттердегі студенттік өзін-өзі басқару органдары - Мәслихаттардың төрағаларынан құралған. Студенттер Мәслихатының төрағасы мәслихат мүшелерімен жыл сайын ашық дауыс беру негізінде сайланып отырады. Сенат төрағасы оның мүшелерінен сайланады. Студенттік өзін-өзі басқарудың аталмыш құрылымы студенттердің біртұтас және беделді ұйымын құру мақсатында еріктілік және теңдік, демократиялық, жариялылық, басқарудың орталықтандырылған қағидалары негізінде қызмет атқара отырып, екі комитеттің басын қосады.

Жас талант иесі, осында сен өз бетіңмен ізденіп, ғылымға бет бұрасың. Осыдан келіп, оқу-ғылым, білімге деген құштарлық оянып, ізденімпаздық жолды нұсқайсың. Екінші бір сала, көпшілікті өз мәдениетіңмен, өнерлі ортаңмен табыстырғың келеді. Сол орайда, мәдени көпшілік іс-шаралар сапынан орын төбесің.

«Сұңқар» студенттер кәсіподағымен бірлесе отырып, жастар ұйымдарының комитеті - тиісті құқықтар, мүмкіндіктер мен жауапкершілігі бар студенттік демократияның шынайы көрінісін айқындайды. Сен белсендісің, озатсың, ғасыр жастарының бірісің!!! Сол сатыда, студенттерді оқудағы үздік көрсеткіштері мен қоғамдық өміріндегі белсенділігі үшін университеттің спорттық-сауықтыру лагеріне демалуға жібереді және көптеген марапаттауларға ұсынады, мұқтаж студенттерге материалдық көмек түрлерін көрсетуге асығады. Кәсіподақтың арнайы қызметі студенттерді жұмыспен қамтып, әлеуметтік тұрғыда қол ұшын созуға әрдайым дайындығымен ерекшеленеді. 5000-нан астам студент тұрағы болып тұрған, "Студенттік қалашық" университеттің визиттік карточкасы болып табылады.

Студенттер тұрмысына барынша қолайлы жағдайлар жасау мақсатында жатақханалардағы студенттік өзін-өзі басқару ұйымы студенттердің Жоғарғы Кеңесі өз қызметін әрдайым беделді атқарып келеді. Студенттер Кеңесі 13 жатақханада тұратын студенттердің басын қосып, қоғамдық және мәдени өмірін қызықты өткізуге бағытталған іс-шаралар, көңілді кештер, концерттер өткізуден

жалыққан емес. Сонымен қатар, Студенттер Кеңесі тұрғындар арасында құқықтық тәртіпті қадағалап, санитарлық-гигиеналық тазалыққа аса мән беріп, қадағалап отырады. Жатақханадағы жастар оқуда үздік атанып, табысты тәртіпке мойынсұнып, мәдени мазмұнды дүниелерді ұйымдастыра отырып, спорттық салада денсаулықты шыңдау бағытына көш басын бұрады.

Тәртіп – табыс кілті. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесі ҚазҰУ қалашығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен құқық бұзушылықтарды анықтау мақсатында Құқықтық тәртіп сақтау жасағының қызметін жүзеге асырып келеді. Қалашық тыныштығы студенттерден құралған жасақтың ашса алақанында, жұмса жұдырығында. Барлық жағдай студенттердің алаңсыз білім алуына жасалғандығын айта аламыз.

Ал биылғы жылдың 25 маусымында Студенттік құрылыс жасағы мерейтойлық бастамамен ашылу рәсімін өткізді. 1962-1963 жылдан қанатын кеңге жайған СҚЖ қайта жаңданды. Өткен жылдан бері ҚазҰУ-дың 13 факультеті үміткерлерін іріктеп, ішінен еңбекқор әрі лайықтыларын таңдап, 13 құрылыс жасағын құрған болатын. СҚЖ-ның сарбаздарына жасақ куәліктері беріліп, студенттердің жасақтағы еңбектері, спорттағы жетістіктері жазылатын болды. Жазғы семестр аяқталғаннан кейін аталмыш куәліктер Университеттің тарихи мұражайына қойылады. "Еңбек, еңбек түбі зейнет" деген осы. Олар маусым айының басынан ерінбей еңбектенуге кірісті. Университет территориясы мен қалалық саябақтарды тазалап, сапалы еңбек өнімділігін көрсетті. Құрылыс жасағы қоғам өміріне белсенді түрде қатысып, ҚазҰУ студенттерінің ықыласымен республика бойынша ҰОС-та құрбан болғандарды еске алу апталығын өткізді. Жасақ сарбаздары 28 Панфиловшылар атындағы саябақтағы ескерткіштерді тазалап, гүл шоқтарын қойып, тәубелі тарихымыздың құрбандарына тағзым етті.

Студенттік өзін-өзі басқару жүйесі қызметін қамтамасыз ету үшін, студенттер бос уақытын құр өткізбесін деген тұрғыда бос уақыттарын тиімді пайдаланумен қатар, әлеуметтік-психологиялық және техникалық қолдау көрсететін студенттік офис құрылған. Офисте студенттерге өз бос уақытын тиімді өткізуге, компьютерлік және көшірме техникаларын пайдалануға, сонымен қатар қажет жағдайда кәсіби психологиялық көмек пен кеңес алуға мүмкіндік тудырып отырған жайы бар. Студенттік офис есігі ҚазҰУ-дың барлық студенттері үшін әрдайым ашық!

Жалындай жайнап, қоғамдық жұмысты дөңгелете жөнелетін жастардың ордасы Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы қыз-қыз қайнаған, нағыз жастық шақ, албырт көңілдің кір жұқпаған парағы іспетті. Бүгінгі күні "ҚазҰУ-ым" деп көңілі шартарапқа шарпыған беделді жастардың хал-ахуалы, міне осындай!!!

Жанат ҚАСЫМБЕК

Спорт

На протяжении четырех дней, начиная с 14 сентября, студенты нашего городка выходили на утреннюю зарядку, которая проводилась под динамичную музыку и заряжала такой же динамикой на весь день. Выстроившись в ровные ряды по общежитиям, студенты выполняли упражнения, способствовавшие укреплению мышц, сосудов, позвонков спины, восстановления дыхания. А в последний день утренней зарядки силами Студенческого Сената была организована промо-акция, где в знак приверженности здо-

реди парней и волейболу среди девушек. Осенняя спартакиада вызвала нешуточный интерес, так как в соревнованиях приняли участие 21 и 12 команд соответственно, около 350 студентов!!! Бои шли упорные, ведь команды в этот раз собрались наиболее достойные. Однако и среди них выявились лучшие. По итогам проводимых отборочных туров и финальных соревнований места распределились следующим образом. По мини-футболу: 1 место – сборная команда общежития №4, 2 место – команда №9

спортивных соревнований.

18 сентября состоялся заключительный марафон, который подвел итог всей насыщенной недели здоровья. Забег начался в 15:00 с улицы Темирязева и проходил в два этапа: марафон открыли парни, затем эстафету переняли девушки. В итоге, в кроссе, который завершился на стадионе, приняли участие 150 студентов. Группы поддержки болели за своих спортсменов, спорт-комплекс гудел от аплодисментов и аваций.

Марафон перешел в празд-

БЫСТРЕЕ, ВЫШЕ, СИЛЬНЕЕ!

Не успело еще подняться теплое сентябрьское солнце, а на баскетбольной площадке спортивного комплекса КазНУ уже собралось около четырехсот студентов. Солнечные лица вяло снуют по площадке в ожидании начала зарядки. Вот и подошел преподаватель кафедры физического воспитания и спорта Бондарева Татьяна Александровна, а на часах уже 7:30 – пора начинать!



ровому образу жизни все пришедшие получили стакан молока.

В утренней акции принимали участие практически все общежития студенческого городка, что составило по 300 студентов в среднем. Однако были и наиболее отличившиеся, которые получили почетную грамоту и приз за организацию самой лучшей, сплоченной команды. Это общежития №9, №16 и №18.

Особо хочу отметить 6 общежитие, ребята которого по утрам появлялись в количестве не менее 40 человек. Факт того, что в зарядке участвовали иностранные студенты Китая, Кореи, Таджикистана и других государств, воодушевляет и является показателем интернациональности данного проекта.

Наряду с утренними зарядками на протяжении недели проходили соревнования на кубок Сената Студентов по мини-футболу

общежития, 3 место – команда общежития №13. Ну а исход соревнований у девушек решился следующим образом: 1 места удостоилось общежитие №14 (Физ/Фак), 2 место досталось команде "БИОС" №7 общежития, а завершила пальму первенства команда общежития №18. Все участвовавшие команды, подавшие свои заявки, были отмечены почетными грамотами, а наиболее отличившиеся – ценными призами и подарками. Победителям же по обоим видам спорта вручили микроволновые печи и переходящие кубки.

За справедливое и добросовестное судейство хотим выразить благодарность организаторам а также медицинским работникам, помогавшим в проведении соревнований. Необходимо отметить слаженную работу студенческих советов и поблагодарить председателей за организацию как утренних зарядок, так и

ничный концерт, на котором и были подведены итоги, награждены все победители и участники. В тот день на стадионе царил настоящий праздник, и за то, что этот праздник стал реальностью хотим сказать большое человеческое "спасибо" всему коллективу спортивного комплекса, всем преподавателям, мед. работникам, охранникам, вахтерам, ну и, конечно, заведующему кафедрой физического воспитания и спорта Орещенко Аналию Ивановичу, Председателю спортивного клуба Дуйсенбаева Талгату Ногайбаевичу, Тарановой Антонине Васильевне.

Но как и все хорошее, наша осенняя спартакиада тоже подошла к своему логическому завершению. И так как она стала уже доброй традицией в нашем университете, мы увидимся ровно через год!

Соб. корр.

Конкурентноспособность

Ни для кого не секрет, что наш родной университет обладает уникальной территорией, на которой органично расположены современные учебные корпуса и многовековые деревья, спортплощадки и места отдыха, здания общежитий и представителя фауны, поселившиеся в этом замечательном месте. Жители КазГУГрада имеют возможность пользоваться бесплатными интернет-залами, вся территория покрыта беспроводной сетью Wi-Fi, позволяющей получать доступ к интернет-ресурсам не выходя из комнаты; пищевой комбинат, прачечная, кинотеатр, пекарня, аптека – все это и многое другое функционирует для студентов и ради студентов.

КазНУ на передовой НОВЫХ ИДЕЙ

Кстати, об общежитиях. Их у нас рекордное количество – 13, но и это еще не предел. В ближайшее время в эксплуатацию будут введены еще 2 здания, которые объединят под своей крышей золотую молодежь нашей республики. Сегодня мы живем не хуже студентов развитых западных стран, а в сравнении с некоторыми даже намного лучше. Общеизвестно, что ни один государственный вуз Казахстана не оказывает такую поддержку студентам, проживающим в общежитиях. Мы одни из тех немногих, которые придерживаются Положения Правительства о том, что оплата за общежитие должна составлять 10% в год от стипендии студентов-грантников.

Также на встрече со студенческим активом вуза ректор нашего университета выступил с инициативой создания дополнительных 1500 мест в общежитиях путем достройки верхних этажей. Помимо заселения студентов, жаждающих получить место под общей крышей КазНУ, этот проект дает возможность изменить фасад жилых зданий, которые приобретут вид современных модернизированных комплексов. За все эти меры хотелось бы выразить огромную благодарность и признательность нашему ректору Бахытжану Турсыновичу Жумагулову.

Студентам КазНУ поистине есть чем гордиться, так как в каждом общежитии проведен ремонт в соответствии с европейскими стандартами, все здания были оснащены большими плазменными телевизорами, каждая кухня была оборудована новыми газо- и электроплитами. Но КазНУ, как известно, находится на передовой новых идей и технологий и на достигнутом не останавливается. Так, 3 общежития приобрели статус Дома Студентов. И я считаю, что это большой шаг навстречу установления культуры общения, дружественных взаимосвязей между проживающими, ведь "общежитие" подразумевает в своем понятии совместное проживание, а "дом" – это крепость, каждый житель которой имеет свое собственное важное, неповторимое место и значение. В перспективе все жилые здания студенческого городка получат статус Дома Студентов. Знаменательно, что эти преобразования происходят с помощью организованных сил самих студентов, которые устраивают уборки, субботники, помогают проводить ремонт в тех домах, где они нашли крышу, тепло и уют.

Дом – это опора, твоя защита, место, где всегда тебе рады и ждут, это очаг, который согревает и оберегает от невзгод и неудач, помогая своей заботой преодолеть возникающие трудности в нашем жизненном плавании. Особенно в поддержке нуждается еще неус-

тоявшаяся молодежь, которая приехала из других городов покорять вершины знаний и определить свое предназначение в жизни. Именно поэтому общежитие должно превратиться для них во второй дом! Спасибо родному КазНУ, который прилагает для этого все усилия!

Большим шагом на пути установления демократии является внедряемый проект по аттестации проживающих в общежитии. Он предполагает создание комиссий из числа самих студентов, которым отдано право заселять, выселять или перераспределять места в студенческих домах. Как правило, этим занимаются студенческие советы, в ведении которых также находятся функции слежения за чистотой, соблюдения порядка, пропускного режима, правил проживания и т.д.

В нашем университете есть все для успешного продвижения вперед: мы обладаем огромным студенческим городком с уникальной природой, у нас трудятся квалифицированный профессорско-преподавательский состав, есть студенты, готовые трудиться на благо своего ВУЗа. И если каждый из нас отдаст частичку своего труда и своей души родному университету, то рано или поздно наш КазНУ станет одним из ведущих вузов мира!

Президент РК Нурсултан Назарбаев большое внимание уделяет выполнению главной цели: повернуть страну на новый этап развития, заложить такие основы, чтобы она уже не смогла в будущем свернуть с него, а эту задачу должны реализовывать мы – сегодняшние студенты, завтрашнее будущее Казахстана. Каким будет завтра мой Казахстан, зависит и от меня, и от подрастающего поколения, от нашего старания и труда, знаний и умений, любви, внимания и заботы о моей Родине. По этой причине очень важно воспитывать корпоративный дух, чувство ответственности именно в период установления личности, ее первых шагов во взрослой жизни, а это, как известно, и есть самая прекрасная, веселая, незабываемая пора в жизни каждого – студенчество! Ведь основы закладываются в семье, с малых лет, а уже совершенствуются далее, во время продолжения учебы, и если наши Дома студентов станут для своих обитателей по-настоящему домом, то такие ценности, как долг перед Родиной, чувство патриотизма, воспитываемые в этой семье, выпукнутки и понесут в дальнейшую жизнь.

Динара САДВАКАСОВА,
Председатель Высшего
студенческого
совета студентов
ФМО, 4 курс

Жылдық бастама жалғасын табуда

75-жылдық мерейтойдың қарсаңындағы жаңа оқу жылын Студенттер сенатының белсенділері университет ректоры, академик Б.Т.Жумагуловпен кездесуден бастады. Білім күніне орай өткізілген бұл кездесуде университет ректоры жаңа оқу ғимараттары құрылысының қарқынды жүргізіліп жатқандығын, жатақханалардың жөндеуден өткізілгендігін, жаңа студенттік интернет-кафенің қолданысқа беруге дайын екендігін және университеттің тағы басқа стратегиялық даму жоспарларымен бөлісіп, осы істердің бастаушысы да, жалғастырушысы да жастар екендігін атап өтіп, оларға үлкен үміт артты.

5-8 қыркүйек аралығында Студенттер сенатының факультеттердегі атқарушы органдары – мәслихаттардың, жатақханалардағы студент кеңестері төрағаларының есеп-сайлау конференциялары өтті. Нәтижесінде Студенттер сенатының құрамы

жаңартылды. 9 қыркүйек күні биология факультетінің үлкен акт залында Студенттер сенатының кеңейтілген отырысы өтті. Жиналыстың күн тәртібінде келесідей мәселелер тұрды: Студенттер сенатының 2008-2009 оқу жылындағы атқарған жұмысының есебін

талдап, жаңа оқу жылына жарты жылдық жұмыс жоспарды бекіту, ұйымның жаңа құрамын анықтау, Жоғары студенттер кеңесі төрағасының сайлауын өткізу. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Студенттер сенатының төрайымы Ғайни Серім баяндама жасады. Ол өз сөзінде өткен оқу жылында жаңадан Жастар ұйымдары комитеті мен Жастармен жұмыс жөніндегі бөлімнің құрылуы, 13 факультет мәслихаттарының, студенттер кеңестерінің, "Сұңқар" студенттер кәсіподағының, пікірсайыс клубтарының студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының ең жоғарғы органы ретінде орталықтандырылған Студенттер сенатын құруы университетіміздігі

жастар саясатының дамуындағы тарихи кезеңі болғандығын көрсетті. Жалпы жиналыс жарты жылдық жұмыс жоспарында "Әрқашан салауатты ырғақта" денсаулық апталығын, Студенттер сенатының кубогы үшін спорт Спартакиадасын, мерейтойлық "Студенттік фестивалды", Студенттердің халықаралық күніне орай КТК (КВН) сайысын, тәуелсіздік күніне "Жастар" мерекелік іс-шарасын, жаңа жылдық кеш және т.б. өткізуді бекітті. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Студенттер сенатының жаңа құрамы бекітілді. Үшінші мәселе бойынша жатақханадағы студенттер кеңестерінің төрағаларының қатысуымен Жоғары студенттер кеңесі төрағасының

сайлауы өткізілді. Сайлауға география факультетінің 4 курс студенті Қожаназар Арна, химия факультетінің 4 курс студенті Халық Қайсар және халықаралық қатынастар факультетінің 4 курс студенті Динара Садвакасова үміткер ретінде қатысты. Көпшілік дауыспен Жоғары студенттер кеңесі төрайымы болып Динара Садвакасова сайланды.

Кешегі мектеп түлегі, бүгінгі студентті азаматтық белсенділігі жоғары тұлға ретінде қалыптастыруда зор қызмет атқарып келген студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары университетіміздің дамып, өркендеуіне қызмет етуге дайын.

Өз тілшімізден

ҚАРА ШАҢЫРАК МАҚТАНЫШТАРЫ

Белсенділік – студент өміріндегі ең-ең деген еңбекші ұрпақ тәрбиесін алға ұмтылдырар сын сағаттарының бағыты болып табылмақ. Алғыр да, талантты, талапты да, өршіл студент ҚазҰУ-ымыздың сүт бетінен қалқып алған қаймақтары осындай дәрежеге жетіп отыр. Біз кіммен мақтанамыз...? Ойланайықшы...

Сол мақтаныш сезімін ұялатар жастардың бойынан ұлттық рухтың тұтастығын іздеп, сын көзбен қарауға тырысамыз. Мен өзімнің қарт ҚазҰУ-ыммен мақтана аламын. Ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, төрт жылдық студенттік өмірдің әр күнін қызыққа толтырған білім кеңістігінің алтын ордасы университетіммен неге мақтанбасқа?! Сонымен қатар, өз дәрежесінде алты қырды ары асып, білім, ғылым, өнер, еңбек жолында болсын алға талпынған қатарлас құрбылардың да ерен еңбектері, білім шаңырағын алға сүйреу үстінде. Қалалық, республикалық, университетаралық жарыстарда оқ бойы оза шауып, сындарлы сағаттардан сүрінбей өтіп жүрген ҚазҰУ-лық қырандар екенін тағы да мақтанышпен айта аламыз.



Әдемілік әлемі әлем назарынан тыс қалмайды. “Әдемі қыз әдемі, сұлулықтың әлемі” демекші, өзіндік парасат пайымымен, тамаша тартымдылығымен, ойы да, бойы да келіскен ару қыздарымыз университетіміздің көркі екендігі мәлім. Биылғы жылдың мамыр айында өткен “ҚазҰУ Аруы” атағына экономика факультетінің студенті Айжан Асубаева ие болды.



Ата-баба дәстүрін сақтап, ана тілімізді құрметтер қазақ аруларын да көзден таса қыла алмаймыз. Наурыз айында өткен жыл сайынғы “Ана тілі” Аруы” атағының тәжін халықаралық қатынастар факультетінің 4-курс студенті Сандуғаш Қартаева тақты. Ару қызымыз елордамыз Астанада өтетін республикалық жарысқа жолдама алды.



Еңбек еткен ел алғысына бөленеді. Маңдай терге малынып, Студенттер құрылыс жасағының құрамында еңбек етіп, “Үздік командир” атағын алса, төртіп сақтау жасағында қалашықтың құқықтық тыныштығын қадағалап, абыройлы марапаттаулардың сапына ілігіп, университет тынысына өзіндік үлес қосып жүрген журналистика факультетінің 4-курс студенті Азамат Тұралиев.



Университетімізде жыл сайынғы дәстүрге айналған факультетаралық “Супер студент” байқауы білімді студенттің бағын ашатын одалы дода. “Білімді мыңды, білекті бірді жығатын” білімділер жолында алынбайтын қамал, өтпейтін өткел жоқ. Білімді ұрпақтың қай кезде де күні жарық. Биылғы оқу жылында 13 факультеттің арасынан суырылып шығып, “ҚазҰУ-дың супер студенті” атағына ие болған филология факультетінің 3-курс студенті Жаннұр Манапбаева.



Күміс күлкінің сыңғыры барлығымызды сиқырлы әсерге бөлейді. Сол сиқырлы күлкіге көмілген күнді сыйлар КТК (КВН) өмірі де қызыққа толы. Қызықтың қыз-қыз қайнаған ортасында жүріп, әдемі әзілін өріне келтіре ойнап жүрген “ҚазҰУ құрамасының” белсендісі экономика және бизнес факультетінің 2-курс студенті Әміржан Әбденбеков.



Өнер десе ішкен асымызды жерге қоятын халықпыз. Осы орайда, табиғи дауыста ән салып, бұлбұлша күйкылжытып ән салған Марал Жанакееваның талантына ҚазҰУ ғана емес, барша қауым куә. Өнер адамы қай кезде даралықтың данасы болады. Биылғы өткен Қазақстандағы V Ұлттық жастар Дельфийлік ойындарында “Академиялық ән” номинациясы бойынша география факультетінің 2-курс студенті Марал Жанакеева 1-орынға ие болды.

Қоғамдық жұмыста Жоғары Студенттер Кеңесінің атқарар қызметі – үлкен істер шешімін табар студенттер орталығы. Сондықтан да жатақхананың тыныштығы үшін күнделікті ауқымды шаралар атқаруда. Сол ортаның белді қызметін атқарып, университеттің қоғамдық жұмысына белсенді түрде ат салысып жүрген Жоғары Студенттер Кеңесінің төрайымы, халықаралық қатынастар факультетінің 4-курс студенті Динара Садвакасова.



Ойтамызық

ҚазҰУ-ым жүрегімнің түбіндесін, Соны ұқтым тұнығына үңілгесін. Ақ қарлы Алатау шыңына өрген, Сен тарихқа айналдың бүгінде шын.

Талайдың арманына айналған ҚазҰУ-дай киелі білім шаңырағы 75-ші маусымын қарсы алып, өзіндік ұлан-асыр тойдың иесі болып отыр. Біздің университет өзіндік менмұндалаған ғимаратымен, “ҚазҰУ-дың студенті” деген атакқа іліктіріп, білім шаңырағын жақсы жағынан көрсетіп жүрген мақтанышқа балар жастарымен қай кезде де өрелі екендігін мойындатады. Біз көпшілікке үлгіміз.

Талайлар тереңнен сынар білім дариясының шәрбат суынан қанып ішпеген адам кемде кем. Сондықтан да біз мақтанамыз. “Мен ҚазҰУ-дың студентімін, белсендімін, білім жолында мыңды жығар қабілетім тағы бар, ел алдында кемеріне жетіп кедергіден өтуге ардайым талпынамын” деген ой әрбір жастың бойына ұстанған бедер секілді. 75 жылдық тарихтың қойнауынан сыр тартсақ, талай ғалым, академик, өнер майталмандары, спорт шеберлері, тағысын тағылар түлеп ұшқан ҚазҰУ-дың тек қана алғы шептен көрінгені баршамыз үшін мәртебе.

“Өркен” газетінің редакциясы

P.S. Бүгінгі біздің мақтаныштарымыздың дені осылар. Әрине 20 мың студенті бар қара шаңырақ осымен ғана шектеліп қалмасы анық. Тізе берсең, шыға берер, бетке ұстар ұтқыр жастарымыз бар екеніне тәуба дейміз. Әлі де мақтаныштарымыздың көп екенін айтқымыз келеді. Олар мыңдаған жастар. Иә, талай тұлпарлар дүбірімен дүркіреткен ҚазҰУ қалашығының мақтаныштары жасай берсін дейміз!!!



Жас талан



Ботакöz
ИКРАМОВА,
I курс студенті:

“75-ші бақытты балмұздақтармыз”

журналист болу еді. Арманымның алғашқы баспадағын да бағындырдым. “Дүние кілті – білімде” деген саликалы сөзді санасына сақтаған әрбір талапты жастың арманына айналған әйгілі қара шаңырақтың студенті атану бақыты маған да бұйырыпты. Біз киелі білім ордасының жетпіс бесінші “балмұздақтары” екенбіз. Талай толқынды түлеткен ұлы шаңырақта кемел келешектің кілті саналатын сапалы білім нәрімен сусындаудамыз.

Мемлекеттің маңызды тірегінің біріне айналған “төртінші биліктің” тізгінін ұстау – аяулы армандарымның арасындағы айрықшасына айналғанына таңмын кейде. Арманға ақ таң орнаған сәтте білім ошағымызда білім, біліктілігімен жалындап, мемлекеттік қызметке жүрген Қуаныш Сұлтанов, Мұхтар Құл-Мұхаммед, тіпті кейінгі толқын тұлғалардың арасында жас та болса, бас болып жүрген журналистерге әжептәуір еліктеп әуре болатыным бар. Бүгінде сол бала арманымның шындыққа айналып келе жатқанына қуанам. Қолда бар алтындарға қуанам да, жігерленем. Кедірі мен бұдыры көп даңғыл жолға бел буып отырған мен осынау ұлы мамандықтың ұлағатты қасиеті алдында бас ие отырып, өзіме-өзім серт бердім: “Қайсарлық пен қырағылықты жолдас еткен журналистика атты алапат өлемнің бақшасына шыншылдықтың шынарын егемін” деп.

“Үмітті ақтап, өркен жаямын”

Алатаудың баурайынан орын тепкен ҚазҰУ қалашығына аяқ басқан сәттегі құдіретті сезім, қуаныш әлі басыла қойған жоқ. Айбынды ҚазҰУ бейнесі “Ей, шәкіртім, сен тек асу-асу биіктерді бағындыруың керек” деп тұрғандай паң көрінеді. Шығыстың ғұлама ғалымы бу Насыр әл-Фараби атамыз да сынап қарағандай кейіп танытты. Мен оқуға бас қойдым. Ал, жақында қара шаңырағымыздың 75 жылдығына орай өткен тұлғалар кездесуіне куә болдым. Оқу ордамызды бітірген елге танымал азаматтарды, соның ішінде биология факультетінің де мақтаныштарымен жүздестік. Биология

факультетінің тұлғалары академиктер Байтулин Иса Омарұлы, Айтхожина Нағима бенқызы, Полимбетова Фатима булхайырқызы, Дүйсембин Хабдрахман Дүйсембіұлы, сондай-ақ “Экомед” медициналық клиника жетекшісі Байқошқарова Салтанат Берденқызы сынды аға-апайларымыздың қай-қайсысын алсақ та үлгі тұтарлық тұлға. Мен де оларды үлгі тұтамын. Мақтан етемін. лемде экологиялық ластану мәселесі ұшығып тұрған бүгінгі күні біздің факультет мамандарының арқалайтын жүгі ауыр деп білем. Қайсар да қайтпас қазақ жігітінің мінезін көрсетіп, мен де ғылымда өз



Айбар
ҚАРАБАЛИН,
I-курс студенті:

жолымды салғым келеді. өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаны, табиғатты танып біліп, оны сақтап қалуға титтей де болса өз үлесімді қоссам деймін. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – жастардың өркен жаюына жол көрсететін қасиетті қара шаңырақ. Бұйыртыса, мен де үмітінді ақтап, өркен жаямын деп уәде берем!

КІМГЕ ҰҚСАҒЫМ КЕЛЕДІ?

Алматы – жастардың ордасы, болашақтың қаласы. Ару қаламыздың сонау төрінде 75 жылдық тарихты арқалап, алыстан қолын бұлғаған қарт ҚазҰУ биылғы тұлғаларын алақанына қондырды. Сонымен бірге алдыңғы буын ағалар да қалашықта қадамдарын қарыштата басып, 75 жылдық мерейтойға тұлғалар қауымы болып ат басын бұрған еді. Бұл бірі ақын, бірі жыршы-күйші, енді біреулері мектептегі әкім, президент болып, алғы шептен көрініп, жүректері алып-ұшқан биылғы жас тұлғалардың қасиетті қара шаңырақ бауырына бұйыға енген тұсымен дөп келді. Олар еліктегіш әрі таза және пәк. Армандары әлі ала-құла болса да олардың өмірге деген сенімдері нақты. Ал бұл зор сенім университетімізде Тұлғалар қауымдастығының ұйымдастыруымен өткен Қазақстанның тәуелсіздігіне елеулі үлес қосып жүрген белгілі де танымал тұлғалар – алдыңғы буын университет тұлғаларының бас қосуында тіпті нығырлана түскендей.

Жанарда жатқан сырдың ұшқыны бізді де бей-жай қалдырмасы анық. Келешектің кемерінде “бүгінгі жас тәлімгерлер сол талантты ұрпақ – бітіруші тұлғалардың қайсысына ұқсағысы келеді екен?” деген сұрақты туындатқаны сөзсіз. Осы ой бізді көңілдерінде көктем, жүректерінде жыр ойнаған, тілге жеңіл, айтуға сүйкімді сол “балмұздақтардың” арасына жетелеген еді...



Алижан
НОҒАЕВ,
I-курс студенті:

“Болмасаң да ұқсап бақ”

Мен мектеп қабырғасында жүріп-ақ еліміздің ең үздік білім ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мерейі мен беделіне тәнті болдым. Осы қара шаңырақта дәріс алып, қанаттанып түлеп ұшқан әрбір тұлғаның ел құрметіне бөленіп

жүргені мені қатты қызықтырды. Қызықтырды да осы университетке деген ерекше күш “мен мұндалап” тұрды. Ал бүгінде мен арманым болған осы киелі білім ордасының студентімін. Бұл мен үшін алғашқы баспадақ болғаныммен зор қуаныш.

75 жасқа толған еліміздегі ең үздік университеттің тарихын парақтай отырып, сонымен қатар тұлғалардың мерейтойлық кездесуіне куә болу барысында ХХІ ғасырдың нағыз көшбасшы азаматы болу арамдыма үлкен жол ашылғандығын байқадым.

Себебі, бүгінде ел құрметіне бөленіп жүрген осы шаңырақтың тұлғалары ғой. Мәселен, ҚР Бас прокуроры Қайрат Мәми, сенат депутаты Зағипа Бәлиева, ҚР Конституциялық кеңесінің төрағасы Игорь Рогов та осы университетте білім алып, бүгінде Қазақстан элитасы қатарын толықтырып отыр. Ендеше, мен де болашақта сол аға буындарымызға ұқсап, ел сенімін ақтағым келеді. Келешекте ҚазҰУ-дан алған маржан білімім елімің заң саласына өз көмегім тигізсе деймін.

Шынарғұл
ОҢАШЫБАЙ,
I-курс студенті:



- Бүгінгі таңда қоғамымыздың әділеттің ақ жолына шөлі қана алмай-ақ жүр. Көп

“ҚазҰУ-ға бет бұрғаным тегіннен тегін емес”

ортада әділетсіздік етегін кеңінен жайып алған. Сондай-ақ ұлттық мүдделерімізді қызғыштай қорғаудан түнілгендер қаншама?! Егер ұлттық мүдде болмаса, өзіміздің қай ұлт екенімізді өзге түгіл өзіміз ұмытып қалуымыз ғажап емес. Менің журналистиканы таңдауым да осыған тікелей байланысты.

Ал енді басқа емес, бірден ҚазҰУ-ды таңдағанымды айтайын. Республикадағы сансыз ЖОО ішінен тек қана ҚазҰУ-ға бет бұрғаным тегіннен тегін емес еді. өйткені, білімнің қара шаңырағы болған осы білім ордасынан білімі мен парасаты, өнері мен жігері тоғысқан мындаған ел ағалары мен ел аналары түлеп ұшқан болатын. Солардың бірі Мырзатай Жолдасбеков, Бауыржан Жақып секілді ағалар ҚазҰУ топырағынан түлеп ұшып, бүгінде ел мақтаныштарына айналып отыр. Мен де сол кісілерге ұқсап іргелі ҚазҰУ-ға құжат тапсырып, Алланың демеуімен міне, журналистика факультетінің I-курс студенті атанып отырмын. Сондай-ақ, бұл оқу орны менің болашақтағы асқақ арманымды жүзеге асыруға өзінің үлесін қосады деген үмітпен келдім. Осының бәрі мен үшін үлкен бақыт, үлкен жетістік!



Нұрила ШЫНӘДІЛОВА,
I-курс студенті:

“Еңбекпен нәтиже өңбек”

қойыпты. Тағы жоғары көтеріле бергенде шаршағандықтарын алға тартып, сол шыққан жерлерін қанағат тұтып, тағы бірнешеуі тоқтапты. Тек санаулы адам ғана қажып-шаршағандықтарына қарамастан биікке шыққан екен. Яғни, алдыға қойған мақсатыма жету үшін талмай ізденіп, ерінбей еңбектенуге бел будым. Себебі, жеткен жетістіктің бір ғана пайызы дарын, ал қалған тоқсан тоғыз пайызы еңбектің нәтижесінде келеді емес пе?!

Бүгінде еңбектің зейнетінде жүрген аға-апайларымыз да бар екен. Оған тұлғалар қауымдастығының кездесуінде куә болып, біршама ой түйдік. Бізде қазір бала арман емес пе, біреуге ұқсағың, енді біреуден үлгі алғың келіп тұратын шақ. Билікте жүрген әйел басшыларының қатарында өзіндік орны бар Зағипа Бәлиева секілді тұлғадан неге үлгі алмасқа?!

Еліміздің көк байрағын көгімізге көтеріп, қазақтығымызды жалпақ жұртқа әйгілеп, тәуелсіздігіміздің тұғырлы, егемендігіміздің баянды болуы үшін еңбек етуді мақсат етіңдер, тұғырлы елдің ұландары демекпін, қатарластарыма.



Олжас БАТЫРҚАНОВ, I-курс студенті:

“Бізден шыққан үлгі етер тұлғалар көп”

ҚР экономикалық саясатына үлес қосуға құлшыған, ел ертеңіне бей-жай қарай алмайтын ұрпақ екеніміз болмысымызға біткен құнды ойларымыздың бірі. Сол ой жетегімен ұлттық университеттің табалдырығын аттадым. Сапалы маман кадрларын даярлауда, бизнес саласына жол салар мамандықтың тізгіні мені өзімнен қоса алға тартады.

Біз биылғы жас тұлға болсақ, білім қалашығына еңбегі сіңген тұлғалар де бізбен бірге кездесу өткізіп, өткен студенттік шақтарынан сыр тартты. Жоғары лауазымды, белді өкілдер жиналған басқосу

сәтіндегі ағалардың салған жолымен менің де жүргім келеді. Біздің экономика факультетінде студент атанып, жатақханада тұрып, қызықты өмірдің құдығынан су ішкен аға-апайлар келіп, көңіліміз бір марқайып қалды. Көпжасар Нәрібаев, Нұрғали Құлшыманұлы секілді академик ағалардың болмысы бізді өзіне еріксіз тартты.

Балғын көңілде болашағынан үміт күттірер жас жеткіншектің бүгінгі арманы асқақ екендігін таныдық. Жасыратыны жоқ, алдыңғы толқын ағалардан үлгі алған кейінгі толқынның үміттері үкіленсе екен деп тіледік. Өйткені, бүгінгі жас толқын ертеңгі күні қасиетті қара шаңырақтың тағы бір жылғы тұлғаларының бас қосуында ел үмітін арқалаған тұлға болып айналып келуі әбден мүмкін ғой. Арман алдамасын, көңіл көрігі көрмей берсін, ізбасар дос!!!

Дайындаған: Жанат ҚАСЫМБЕК

Өрлеу

ҚазҰУ қалашығында ғашықтар субұрқағы ашылды



Қазақ білімі мен ғылымының терең тұңғы өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мерейтойлық салтанаты басталғалы, игі нышандар мен құрмет сыйлар үздіксіз жасалып, киелі орданың мерейін асқақтата түсуде. Мұндай құрмет университет үшін парыз бен міндеттің түлектері тарапынан орындалуы десек болады. ҚазҰУ – түлектері үшін қашанда жастық шағы мен махаббат толы қызық жылдарының естелігі болып қала бермек. Осы орайда 19 қыркүйекте ҚазҰУ қалашығында ғашықтар бұрқағы ашылды.

Кешенің өзінде ақындардың сырлы әуеніне себеп болған ҚазҰУ қалашығы бүгінде нағыз романтикалық мекенге айналды. Қол ұстасқан жастар өсем ағаштың саясында гүлдің жұпар иісімен



тыныстап, жарық шамның сәулесінде сыр шертісіп, жаңадан ашылған су бұрқақтарының суымен салқындап, білім ізденудегі студенттік шағын “Махаббат қызық мол жылдармен” өткермек. Қалашықтың сұлулығын өрлендіре түскен су бұрқағы – Алматы қаласы өкімшілігінің жастар қауымына қала күні мен университеттің мерейтойы қарсаңындағы сыйы. Аталмыш шараның ашылуына қала өкімі Ахметжан Есімов, ҚазҰУ ректоры Бақытжан Жұмағұлов қатысып, студенттерге жылы лебіздерін жеткізді. Өз сөзінде академик Бақытжан Жұмағұлов: “Осындай игі шараның ашылуына көмек берген қала өкімі Ахметжан Есімовке бүкіл ҚазҰУ ұжымы атынан үлкен алғыс айтамын. Сонымен қатар кеше ғана Ахметжан Смағұлұлы “Астананың Құрметті азаматы” атағымен марапатталды, сол үлкен

жетістігімізбен академик, профессорлар атынан құттықтаймыз. Біз байқағанымыздай, бүгінде Алматы қаласының көшелері мен келбеті өсемдене түсуде. Сол жақсылық ҚазҰУ қалашығында да жалғасын табады. Өр заманда қазақтар су дегенді ерекше бағалайтын, су деген өмір, болашақ, қуаныш, су деген студенттер үшін махаббат ортасы болады. Сіз сыйлаған бүгінгі су бұрқағы арқылы ҚазҰУ қалашығы Махаббат ордасына айналады” деп ризашылығын жеткізсе, қала басшысы Ахметжан Смағұлұлы ҚазҰУ ұжымын мерекемен құттықтап, естелікке “Алматы аспанда” атты фотоальбомның тұңғыш нұсқасын тарту етті. Өз кезегінде үздік университеттің студенттері би биледі, ән шырқайды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

8 сентября 2009 года в 12 часов на факультете журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби впервые состоялось торжественное открытие телерадиокомплекса КазНУ, посвященное 75-летию Казахского Национального университета им. аль-Фараби.

ОТКРЫЛСЯ ТЕЛЕРАДИОКОМПЛЕКС КазНУ

В Телерадиокомплекс КазНУ входят учебно-производственная телестудия и радиостудия с новейшим цифровым оборудованием и всеми техническими условиями для теле- и радиопрограмм разных жанров. Здесь будут готовить журналистов, владеющих профессиональным мастерством в конвергентной журналистике. Телестудия представлена несколькими творческими студенческими редакциями: редакцией новостей, или convergence newsroom – конвергентная редакция, редакцией молодежных и развлекательных программ, спортивной редакцией, редакцией спецпроектов по науке.

У студентов факультета журналистики появилась прекрасная возможность самим готовить программы, такие как: “Особый статус”, “Жизнь замечательных людей”, “Эврика”, “Химик шоу”, “Говорит мозг”, “Мисс КазНУ”, “Видеовизитки”, “Острослов”, освещающие жизнь университета, его научные прорывные проекты. Планируется ежедневный выпуск новостей на казахском и русском языках о жизни университета, а все созданные ими телепрограммы будут транслироваться на мониторы, расположенные в учебных корпусах и общежитиях КазНУграда.

В ближайшем будущем программы телестудии КазНУ будут выходить по местному городскому общезузовскому кабельному каналу “UVISION”.

Телерадиокомплекс КазНУ, который был открыт ко Дню международной журналистики стал большим подарком для студентов.

Соб. кор.

Новый учебный год в КазНУ начался с актовых лекций выпускников

(Начало на 1 стр.)

Ректор КазНУ академик Б.Т. Жумағұлов свою лекцию в этом году решил прочитать на одном из ведущих факультетов университета - биологическом. Старейший факультет, организованный с момента создания вуза, всегда на очень хорошем счету в университете. Здесь работают 4 академика, 25 докторов наук, 55 кандидатов наук, 9 докторов PhD. В этом году из 1000 выделенных по республике государственных грантов по биологическим специальностям 360 остались на этом факультете. И это очень высокие показатели. Руководитель вуза поздравил студентов биофака с началом учебного года, рассказал о достижениях и перспективах университета. “При огромной поддержке Президента страны НА Назарбаева в университете полным ходом идет строительство второй очереди КазНУграда. За полтора года будет введено в строй около 100 тыс. квадратных метров, что сопоставимо с показателями последних 35 лет вместе взятых. Президент уделяет особое внимание развитию КазНУ и ждет от нас такой же отдачи”, – сказал ректор КазНУ.

На знаменитом “журфаке КазНУ” актовые лекции прочитали сразу три известных журналиста – президент АО “Өзаза газеттері” Жумабек Кенжалин, президент АО “Хит-ТВ” Куат Домбай и главный редактор газ. “Central Asia Monitor” Бигельды Габдуллин. Для будущих журналистов лекции мастеров пера и эфира – это уникальная возможность узнать секреты профессии, что называется “из первых рук”.

Лауреат Государственной премии РК, академик Бирлесбек Алияров, пришедший в гости к первокурсникам физического факультета, свою лекцию посвятил проблемам развития электроэнергетики в Казахстане. Как сказал сам автор актовых лекций, у него сегодня получился двойной праздник: в день своего 70-летия он встретился с молодым поколением, только начинающим свой путь в профессию. И это для него очень символично.

День Знаний, замечательно отмеченный в КазНУ, оказался полезен всем – и профессионалам дела, и новичкам в профессии. Старшим не просто представилась возможность прочитать лекцию в родном университете – они заслужили право первыми встретить новичков-первокурсников главного университета страны, а младшим важно было услышать от мэтров напутствия в большой и светлый путь познания профессионального мастерства.

Пресс-служба КазНУ

Бүгінде көзді-ашып жұмғанша, ҚазҰУ қалашығындағы ғимараттар саны артып келеді. Құдды күн санап өскен ертегідегі Алпамыстай айбынды алтын ұямыздың әр қадамы бізді де сөзсіз қуантады. Әрине, бұл жетістіктер университетіміздегі қаржы-экономикалық және басқару саясатындағы тың өзгерістерге байланысты жүзеге асқаны даусыз.

Көркейген қалашығым – көңілдің дара шыңы!

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Б.Т. Жұмағұловтың 22 қыркүйекте өткен Ғылыми кеңестегі 2008-2009 оқу жылындағы университет қызметі мен ұжымның жана оқу жылындағы міндеттері жөнінде баяндамасында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей қолдауының арқасында ҚазҰУ қалашығының екінші кезектегі құрылысы қайта жандандырылғанын тілге тиек еткен болатын. Сол қолдаудың арқасында химия, механика-математика, физика және география факультеттерінің, сондай-ақ жалпы ауқымы 90 мың шаршы метрді құрайтын іргелі кітапхана ғимараттарын қолданысқа беру жоспарланды. Салыстырсақ, ректорат пен ҚазҰУ қалашығы оқу корпустарының өзі 90 мың шаршы метрді құрайды. Жаңа нысандардың құрылысы ағымдағы жөндеу құрылыстық жұмыстарымен бірге жүргізіліп жатыр. Университет басшысы аталған жұмыстар барысында үнемі қаражатты тиімді пайдалану ұстанымы сақталынғанын жеткізді. Соның нәтижесінде 2007 жылға қарағанда 2008 жылы шығын көлемі 4 пайызға ғана артқанына қарамастан, атқарылған жұмыс мөлшері 31%-ға көбейген екен. Сонымен бірге соңғы жылдар ішінде 2009 жылы алғаш рет биология факультетінің жөнделуіне республикалық қордан ақшалай қаражат бөлінді. Аталған шараларға дайын-

дық жұмыстары да ыждақаттылықпен атқарылғаны аян. Мәселен, 2008 жылы Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті басшылығының шақыруымен Алматыға арнайы сапармен американдық сәулетшілер институтының ғылыми қауымдастығының толық мүшесі, Иель университетінің сәулет мектебінің деканы Роберт Штерн мен “Robert A.M. Stern Architects” компаниясының іскерлік серіктесі Грант Марани арнайы сапармен келген болатын.

Халықаралық дәрежеде мойындалған, институт, тұрғын үй және коммерциялық салада мол тәжірибесі бар АҚШ-тың алдыңғы қатарлы жобалау компаниясының алға қойған мақсаты – университеттің сәулет құрылысына жанаша көзқарас тұрғысынан қарап, осы саладағы жана технологияларды пайдалана отырып, ешкімге ұқсамайтын, қайталанбастай өзгеше шешімдердеге бару, университет қалашығын оңтүстік астана тұрғындары мен қонақтарының көз қуанышына айналдыру.

Осы орайда кездесу шеңберінде ректор Б.Т. Жұмағұловтың университет қалашығы құрылысының жаңа кезеңі бойынша алға қойған жоспардың ауқымдылығына қарамастан, ең бастысы – университет қалашығы студенттер үшін білім алуға, демалуға, мәдени және рухани жағынан толысуға барлық жағдайы қарастырылған туған үйіңдей болып қала беруді тиіс екендігін



жеткізгені белгілі.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық Университетіне биыл 75 жыл. Кезінде, Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының менгерушісі Рымғали Нұрғали ҚазҰУ қалашығындағы студенттік шақтарын сағына еске алып: “Талай талантты ғылыммен сусындатқан оқу орыны адам танымастай болып өзгерген”, – деген еді. Шынында да ҚазҰУ бүгінде жана қарқынмен алға жылжуда. Өмірбек Жолдасбеков бастаған қалашық құрылысын бүгінде университет ректоры Бақытжан Жұмағұлов жалғастырып отырғаны көңілге зор үміт ұялатады. Ректорат ғимаратының қос жиегінде сары алтындай алыстан жарқырап тұрған оюлы қос жолақ та отаншыл, білімпаз жас өрендерді ұлттық мақсаттарға бастар арман биігіне жетелегендей. Ендеше, көркейген қалашықта ел өмірін көркейтер ұрпақ өсіп келе жатқанына сенеміз.

Жанар ДӘУРЕНБЕКОВА

Рецензия

Елбасы кітабы — елдіктің ұстанымы

Қара шаңырақта Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың “Стратегия радикального обновления глобального сообщества и партнерство цивилизаций” кітабының тұсаукесері болып өтті.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының орыс тілінде шыққан “Ғаламдық қауымдастықта радикалды жаңару мен өркениеттер серіктестігінің стратегиясы” (“Стратегия радикального обновления глобального сообщества и партнерство цивилизаций”) кітабы көпшілік назарына ұсынылды.

Кітаптың тұсаукесер рәсіміне Ресей Жаратылыстану ғылым академиясының директоры Олег Кузнецов және ЕурАзЭҚ интеграциялық мәселелерді стратегиялық зерттеу институтының директоры Анатолий Спицин арнайы келді. Аталған кітап көршілес ел ғалымдары арасында қызу талқыға түсіп, түрлі пікірлерін университеттің оқытушы-ұстаздар қауымымен бөлісті.

Ресей Жаратылыстану ғылым академиясының директоры Олег Кузнецов: “Бүгінгі кітаптың таныстырылымы кешегі жергілікті өркениеттердің ғаламдық мәселелерді шешудегі өзекті мәселелеріне арналған III Өркениеттер форумы аясында өткізіліп отыр. Форумда қазақ және орыс ғалымдары топтасып, әлемдегі Қазақстан мен Ресейдің ертенгі тыныс-тіршілігі жайлы әңгіме қозғаған болатын. Қолымыздағы кітап осы сұрақтар төңірегіне толыққанды жауап бере алады. Өзекті мәселелерге салиқалы сараптама жасап, қазіргі таңдағы ғаламдық дағдарыстың себеп-салдарын іздеп, одан озып шығудың жолдарын көрсетеді” — дейді.

Жалпы алғанда дағдарыс — колданыстағы қаржылық, кейде саяси жүйенің осы заманғы

талаптарға сөйкеспей, қалыптасқан жағдайды өңсере алмаған кезде болатын тоқырау. Сонымен қатар, дағдарыс — азаматтық, мемлекеттің, экономика мен саясаттың қиын қалтарыс-бұттарысында жаңа жол табу, ізденіс жасау екендігін есімізге салады.

Елбасы — саясаткерлердің арасында алғашқы боп, дағдарыстың себебін атаған тұлға. Кітапта тек қаржылық, экономикалық дағдарыс емес, тұтастай жүйенің ақсағандығы айтылады.

— “Бұрынғы КСРО-дан тарап, жаңадан құрылған мемлекеттер ішінде Қазақ елі өлем назарын өзіне аударып келеді. Қоғамдық-саяси жүйені бүгінгі талабына сәйкестендіру мақсатында жаңа идеялар мен ізденістер жасап, оны іске асыруда мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың орны ерекше. Ресейліктердің пікірінше, Н.Әбішұлының өлеуметтік-саяси қайта құрулардың Қазақстандағы ғана бастаушысы емес, әлемдік қауымдастықта да танылған адам” — деп түйіндейді өз сөзін ЕурАзЭҚ интеграциялық мәселелерді стратегиялық зерттеу институтының директоры Анатолий Спицин.

Қонақтар Қазақстан жайлы айтқанда ресейлік ғалым, экономист, академик Львовтың сөзін еске алды: “Естір құлақ болса, 15 жылдан соң Қазақстанның қалай өзгергендігін естисіздер, көрер көз болса, соның күәгері боласыздар, ал есті ел болса Қазақ елінің жүріп өткен жолына назар салып, үлгі етеді”. Бұлайым солай болғай.

Гүлназ ҚҰЛМАХАНОВА

Әріптестік

2009 жылдың 9 қыркүйегінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті мен Фридрих Эберт атындағы Қор (ГФР) университеттің 75-жылдық мерейтойын тойлау аясында, “Сыбайлас жемқорлықпен күресудегі құқықтық ресурстар: халықаралық стандарттар, халықаралық және қазақстандық тәжірибе” атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар өткізді.

Қоғам жемқорлыққа қарсы

Халықаралық семинардың мақсаты — халықаралық, ұлттық құқықтың және халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын, әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттердің мүдделеріне қайшы келетін, сонымен қатар халықаралық құқықтық жүйедегі әлемдік экономика мен саясаттың дамуына теріс әсер ететін сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу саласында білім және құқықтық тәжірибемен алмасу болып табылады.

Халықаралық семинардың жұмысына жетекші сарапшы ретінде Германияның Гамбург Федералды жеріндегі Әкімшілік Сотының төрағасы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кеңесшісі доктор Герд Веллинг (ГФР), Фридрих Эберт атындағы Қордың Орталық Азия бойынша үйлестірушісі Вульф Лапинс, Азия және тынық мұхиты елдерінің қауіпсіздік мәселелерін зерттеу орталығының өкілі, профессор Рубен Азизян (АҚШ) және өзге де сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы қазақстандық жетекші ғалымдар мен сарапшылар, сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессорлық-оқытушы құрамы қатысты.

Халықаралық семинарды өткізу барысында сыбайлас жемқорлықпен күресудегі еуропалық және неміс тәжірибесі сөз болды. Шетелдіктер сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы халықаралық құқықтық-стандарттарды айта келе, сыбайлас жемқорлықпен күресудегі қазақстандық тәжірибенің барысын сұрады.

Оған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң ғылымдарының докторы, профессор Есберген Алауханов сыбайлас жемқорлықпен күресудегі ел тәжірибесін қысқаша баяндап: “Бүгінгі тақырып аясында сонғы күндері қызу талқыланып жүрген Қазақстан Республикасының 2010-2020 жж. арналған құқықтық саясат

Тұжырымдамасы — мемлекеттің тұрақты дамуының алғышарты бола алатындығын айтқым келеді. Сонымен қатар, концепция — мемлекеттік даму механизмін баяулататын сыбайлас жемқорлық мәселесіне тосқауыл қойып, алдын алуға мүмкіндік беретін ресурстың бірі. Нақтылайтын болсам, мұнда халықаралық конвенциялардың талаптарына сәйкес, экологиялық, қылмыстық, коррупциялық заңды бұзған жеке тұлғаларды ғана емес, заңды тұлға-



ларды да заң алдында жауапқа тарту талаптары қарастырылған. Халықаралық қауымдастық бұл өзгерістерді дұрыс көреді” деді.

Сондай-ақ заң ғылымдарының докторы, академик Салахиден Сәбікенов “Сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық құқықтық қатынасу негіздері” тақырыбында баяндама оқыды. Онда егеменді Қазақстанның мемлекеттік құқықтық бағдарламаларын жасаудың тәжірибесі, сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы халықаралық құқықтық негіздері жөнінде баяндалды.

Халықаралық семинардың жұмысы барысында қарастырылған баяндамалар негізінде семинар материалдарын жинақ ретінде басып шығару жоспарланған.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Қазақстан — Корей ұлттық университеттерінің оң ұмтылыстары



2009 жылы 9 қыркүйекте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Донгил Нох мырзаның басшылығымен Кионпук ұлттық университетінің (Корея Республикасы) делегациясы келді. Делегацияның келу мақсаты - Кионпук ұлттық университеті мен Қазақ Ұлттық университетінің арасында білім және ғылым саласында әріптестік жөнінде келісімге қол қою.

Кездесу барысында Қазақ Ұлттық университетінің ректоры Бақытжан Жұмағұлов пен Кионпук ұлттық университетінің президенті Донгил Нох арасында болашақ әріптестік жағдайлары сөз болып, екі жақ оқу орындары арасындағы келісімге қол қойды.

Құжатқа қол қою әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттеріне Әлем елдерінен шәкірттерді шақырып, арнайы мә-

дени шаралар ұйымдастыратын Кионпук университетінің халықаралық білім бағдарламасы шеңберінде Корея Республикасында 1 семестр оқуға мүмкіндік береді. Қол қойған құжат негізінде ҚазҰУ мұғалімдері қысқы немесе жазғы семестрде ағылшын тілінде з кредиттен тұратын курс оқуына болады.

Донгил Нох мырзаның айтуынша, оның университетімен тек білім алу үшін ғана емес, сондай-ақ ғылыммен шұғылдануға мүмкіндік беретін мықты база жасақталған. Бүгінгі таңда Кионпук ұлттық университетінің 1000-нан аса оқытушылар құрамы, 700-ден аса әкімшілік қызметтегі мамандары бар 17 колледж, 14 магистратура бар. Мұнда 35 мыңнан аса бакалавр студенті, магистранттар мен Ph.D докторанттары білім алуда. Корея ірі оқу орны

Қазақстан және Корея Республикасының ұлттық университеттері арасында білім және ғылым саласында әріптестік жөнінде келісімге қол қойылды.

инфрақұрылымында 80-ге жақын ғылыми-зерттеу институты бар.

Өз кезегінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры келген қонақтарға Кореяның жоғарғы оқу орындарымен шетел тілдерін оқытуда, білім саласында студенттермен алмасу тәжірибесі берік қалыптасқандығын айтты. Сонымен қатар, академик Жұмағұлов корейлік әріптестерін университеттің ғылыми жетістіктерімен, еліміздің үздік университеті ретінде оқу орының жаңа стратегиясымен таныстырды. ҚазҰУ ғалымдарының қолданбалы математика, теориялық физика, нанотехнология, биотехнология және т.б. ғылым саласында жетістіктері көп. Сондықтан осы және өзге салалар бойынша әріптестік жұмыс жасауға мүдделі екендігін айтты.

Кездесу соңында қонақтар бір-бірімен естелік сыйлықтар алмасып, қонақтарды жетекшіліктің қазан айының ортасында Елбасының қатысуымен өтетін ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойына ресми түрде шақыруымен аяқталды.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

14 қыркүйекте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрғанбек Қатаевтың 90 жылдығына орай, еске алуға арналған “Қазақстан жоғары мектебінің мәселелері” атты ғылыми конференция өтті.



Қазақстан жоғары мектебінің мәселелері

Ғылыми жиынға республикамыздағы жетекші ғалымдар мен ЖОО ректорлары қатысты. Отырысқа өзек болған негізгі тақырып Қазақстан жоғарғы мектебінің қазіргі мәселелері, Болон процесіне кірудегі мәселелері мен басымдықтары және міндеттері, педагогикалық жоғары білім беру мәселелері, сонымен қатар Қазақстан жоғарғы мектебінің көрнекті ұйымдастырушысы Т.Қатаевтың қызметі жөнінде пікірлердің алмасуы болды.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Тұрғанбек Қатаев министр болған жылдары республикамызда бір де бір жоғары оқу орны оның көңілінен тыс қалып, қағажу көрген емес. Оның басшылығымен Қазақстан жоғары оқу орындары гүлденіп, дамып қана қойған жоқ, елімізде жаңадан он жоғары білім беретін оқу орталығы ашылды, оның бесеуі Алматы қаласында бой көтерді.

Тұрғанбек Қатаевтың есімі Қазақстан тарихында халыққа білім берудің ірі ұйымдастырушысы ретінде алтын әріппен жазылатыны анық. Еліміздің жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарында, республикамыздың кез келген мектебінде оның көптеген шәкірттері жемісті еңбек етуде.

Конференцияда ҚР ҰҒА академигі КННәрібаев, Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры С.Ж.Пірәлиев, ҚазҰАУ ректоры Т.И.Есболлов, Д.Серкебаев атындағы ШҚМТУ ректоры Г.М.Мутанов, Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ ректоры А.А.Әбжапаров және т.б. жоғары оқу орындарының басшылары баяндама жасады.

Өз тілшімізден



■ Әзілің жарасса...


Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі:

“Опера театрына алғаш билетсіз кіргік”

– Студенттік өмір қызықты оқиғаға толы ғой. Ауылдан келген балалармыз. Көп нәрседен бейхабармыз. Бірде үш жігіт Абай атындағы опера және балет театрына жол тарттық. Қыркүйек айында “Абайдан” басталады екен. Барсақ, билет жок. Билетті ерте алып қою керектігін қайдан білейік. Содан айналып жүрсек, шығыс жақ бетінде бір терезе ашық тұр екен. Қасымдағы екі жігіт: Сен жеңілдеусің ғой. Сені бірінші қабатқа көтерейік, не бар екенін сен қарап көр”, – деді. Қарасам, кішкентай ғана зал екен. Ар жағынан өлең естіледі. Үшеуіміз қуанышымыз қойынға сыймай, ішке ендік. Сөйтіп опера театрына алғаш билетсіз кірдік. Бақсақ, ылғи сақалдары сапсыған, ақ бас шалдар. «А-а-а-м-а-н-сың б-а-а» дегеннің өзін созып, өлендетіп айтады екен. Бізге онша ұнандырамады. Опера театрының мұндай болатынын қайдан білейік. Кейін қайта-қайта барып, төселіп кеттік, тындап үйрендік. “Қыз Жібектегі” Күләш Байсейітованың күймеде отырған көрінісі әлі күнге дейін көз алдымда.

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ, Президент мәдени орталығының директоры:

“Өзіңіз білсеңіз, несіне сұрайсыз?”



– Адам ата-анасын таңдай алмайды. Ал білім беретін оқу орнын таңдауға құқы бар. Мен де осы университетті таңдап келген жастардың бірі едім. Алғашқы жылы түсе алмай, келер жылы арман еткен оқуыма қол жеткіздім. Қасиетті қара шаңырақ маған білім беріп қана қойған жоқ, өмірлік махаббатымды да сыйлады. Кейін тұңғыш перзентім мен тұңғыш немерем де осында білім алды. ҚазҰУ өмірімнің, отбасымның ажырамас бір бөлігіне айналды.

ҚазҰУ қабырғасында жүргенде басымыздан қызықты жайлар көп өтті ғой. Студенттік шақтан емес, ұстаздық етіп жүргендегі бір оқиға есіме түсіп тұр. Бірде емтихан қабылдап отырмыз. Бір қыз балаға «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің образы» деген сұрақ келті. Әлгі студент жауап бермек түгілі, жақ ашар емес. Мен: “Сен білесің ғой, балам. Айтсаңшы, Төлеген кім еді? – деп, демеп жатсам, әлгі қыз: “Өзіңіз де білесіз ғой. Оны менен неге сұрайсыз?” демесі бар ма. – Қарағым-ау, мен білуін білем ғой, сен жауап беру керексің – десем, ол: – Төлеген – Қыз Жібектің жүрген жігіті – дейді пімірікпестен. Мен де былштып тұрып екінші қойып бердім. Міне, бұл бұрын болған оқиға. Мен ҚазҰУ-ға тек білімділер түссе екен деп тілеймін. Бүгінгі күннің жастары алғыр, өжет екендігіне сенімдімін.

Қуаныш СҰЛТАНОВ, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

“Емтиханнан 5 алғанмын”



– Университетке түсуге емтихан тапсыруға келдім. Қазақ әдебиетінен емтихан қабылдайтын ұстаз 26-27 жастағы қазақ әдебиетінің жас маманы екен. “Мұхтар Әуезовтың шәкірті екен, Зейнолла Қабдоловтың әріптесі екен, Мырзатай Жолдасбеков деген ұстаз емтихан алады” дегенді де естідік.


Бәріміз қорқып, аландаулымыз. Кезегім келгенде емтихан билетін алып қалсам, бірінші сұрағым “Қыз Жібек” жыры екен. Әрі ойлап, бері ойлап, Қыз Жібек жырын білем, бірақ жырды айтып беру өте қиын. Ойланып отырдым да, Қыз Жібектің пьесасы бойынша тоқтамай айтып бердім. Мырзатай Жолдасбеков қарап отырды да, “Ей, бала, мына билетте не деп жазылған” – деді. “Қыз Жібек” деп жазылған дедім. “Жарайды сөйлеп тұрған бала екенсің, ары қарай екінші билетінді оқы” – деді.

Келесі сұрақтар да менің бағыма қарай мен билетін сұрақтар болып шықты. Сол кісі қабылдау емтиханы кезінде маған риза болып, бес қойып жібергені әлі есімде.

Зағипа БАЛИЕВА, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

“Біз есіктен шығып, тесіктен кіретін едік”

Студенттік өмірде қиындығымен қатар қызық та көп қой. ҚазҰУ қалашығындағы өткізген студенттік кезең еске түссе, бүгінде езуімізге күлкі үйіріледі. Жастық шақтың қызығы – сезімнің жетегіне еріп, ғашық болу, кездесуге шығу, серуендеу, қол ұстасып қыдыру емес пе. Әсіресе, жатақханада өткен студенттік өмірдің орны ерекше. Мен де жатақханада тұрдым. Алғашқы махаббатымды осында кездестірдім. Ол – менің қазіргі жарым. Бүгінде бақытты өмір кешіп жатырмыз. Бәрі үшін осы кара шаңыраққа қарыздармыз десем болады. Біз де студент кезімізде құрбы қыздар жиналып, қыдыратынбыз, кездесуге шығатынбыз. Ол кезде жатақхананың бәрі 9-да жабылады. Сондай бір кештердің бірінде қаталдау кезекші апай түсіп, ішке кіре алмай қалдық. Біз саспастан, ертерек ойластырылған қосымша жоспарды іске қостық. Кісі аяғы саябырсығанын күтіп, бірінші қабаттағы өз бөлmemіздің терезесінен ішке кіруге бел будық. Терезеге барып, іштен бір қыз, сырттан жігіттер демеп, біртіндеп ішке кіре бастадық. Сол сәтте біреу-міреу көріп қоя ма деген үрей мен мына ыңғайсыздау қылығымызға мәз болған біздер қорқыныш пен қуанышты бірдей сезіндік. Әйтеуір ішке аман-есен кіріп алдық. Уақыт өте келе бұл әрекет әдетке айналды. Кейде толықтауларымыз терезеге тіреліп қалып, қиындыққа ұшырайтын кездеріміз де болды. Мұндай жағдайда жігіттердің көмегіне сүйенуге тура келетін. Олар екінші қабаттан тартып алатын. Бірақ кейін “құпия есігімізді” әкімшілік біліп қойып, тиісті шаралар қолданылды. Міне, осылайша біз есіктен шығып, тесіктен кіретінбіз. Дегенмен, коменданттардың адамгершілігі жоғары еді. Көп жағдайда түсіністікпен қарап, жатақханаға ұрса-ұрса кіргізетін. Сонда да жастар ғашық болды, кездесуге шығуды жалғастыра берді.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ;
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА,
Бөлім меңгерушісі – Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ,
Редакторлар – Шынар ӨСКЕМБАЕВА,
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Жанат ҚАСЫМБЕКОВА,
Әйгерім ӨУЕЗХАНҚЫЗЫ;
Фототілші – Алмат МҰХАМЕДЖАНОВ;

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Бизнес Информ” баспаханасында (Төлеби көшесі, 108) басылды. Тел: 8(727) 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы – 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс 10711

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.